

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ДАМУ
КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ
2016 ЖЫЛ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕМЕСІ**

Астана қ., 2017 жыл

**«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму
Комитеті қызметінің 2016 жыл бойынша
ЕСЕПТЕМЕСІ**

1. Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму Комитетінің қызметін жүзеге асыру

Комитеттің мақсаты мәселелерді терең және жан-жақты қарастыру және Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасын арттыру үшін ұсыныстар жасау болып табылады.

Комитеттің міндеті Директорлар кеңесінің келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде ұсыныстар жасау болып табылады:

1) Қоғамның даму стратегиясын анықтау және оның жүзеге асыруын мониторингілеу;

2) ұзақ мерзімдік перспективада Қоғамның даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін қарау және бекіту;

3) Қоғамның инновациялық стратегиясын жүзеге асыру;

4) Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыру;

5) «Қазпочта» АҚ-ның Трансформация бағдарламасын іске асыру;

6) Комитеттің құзыретіне жататын басқа да мәселелер.

Комитет өз қызметін 2015 жылдың 21 қазан күні Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму Комитеті туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Қоғам Жарғысына сәйкес, Комитеттің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелері талаптарына сәйкес, Комитетінің төрағасы болып тәуелсіз директор Жандосов Ораз Алиевич сайланған.

2016 жылы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму Комитеті құрамына келесі мүшелер енген:

Стратегия және Даму Комитетінің құрамы			
№	Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
1	Жандосов О.А.	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет Төрағасы	2014 жылдың 3 сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Илькявичюс А.О.	«Самұрық-Қазына» АҚ бизнес трансформациясы бойынша Бас директоры, Комитет мүшесі	2014 жылдың 6 ақпанынан бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Эдриан Хоуинк	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	(27.08.2012-03.04.2014) 2015 жылдың 10 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін
4	Бердалина Ж.К.	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры Комитет мүшесі	2015 жылдың 10 қыркүйегінен бастап 2016 жылдың 19 мамырына дейін.

5	Дагарова А.М.	«Самұрық-Қазына» АҚ көлік және байланыс активтер Дирекциясының Бас сарапшысы, мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшысы)	2012 жылдың 27 тамызынан бастап қазіргі уақытқа дейін
---	---------------	--	---

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 1 қарашасының № 10/16 шешіміне сәйкес, «Қазпочта» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму Комитетінің келесі құрамы анықталды:

Стратегия және Даму Комитетінің құрамы (31.12.2016ж.жай-күйі бойынша)			
№	Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
1	Жандосов О.А.	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет Төрағасы	2016 жылдың 1 қарашасынан бастап
2	Илькявичюс А.О.	«Самұрық-Қазына» АҚ трансформация және арнайы жобалар бойынша Басқарушы директоры, Комитет мүшесі	2016 жылдың 1 қарашасынан бастап
3	Марк Хьюз	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылдың 1 қарашасынан бастап
4	Дагарова А.М.	«Самұрық-Қазына» АҚ байланыстар Дирекциясының Бас менеджері, Комитет сарапшысы	2016 жылдың 1 қарашасынан бастап

Директорлар кеңесінің Стратегия және Даму Комитетінің 2016 жыл бойынша қызметі

2015 жылдың 8 желтоқсан күні Комитет 2016 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2016 жылда 7 бетпе-бет Комитет отырысы өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес, 40 мәселе қарастырылды және Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыреті шегінде қызметінің барлық мәселелері қарастырылды.

Стратегиялық даму мәселесі бойынша:

- Қоғамның 2017-2021 жылдарына арналған Бизнес жоспары жете қарастырылды және бекітуге ұсынылды;

- 2022 жылға дейінгі қолданыстағы даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар қарастырылды және бекіту бойынша ұсыныстар жасалынды;

- Қоғамның даму стратегиясын және «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің бұйрықтарын жүзеге асыру барысы бойынша ақпарат қарастырылды;

- «Қазпочта» АҚ стратегиялық ПӘК тізімі, әдістері және масатты мәнісі қарастырылды;

- «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің үміттерін жүзеге асыру мәселелері қарастырылды.

Инвестициялық және инновациялық мәселелері бойынша:

- Қоғамның 2015 жыл бойынша инновациялық және технологиялық даму қорытындылары қарастырылды;

- Қоғамның инвестициялық жобаларының ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат қарастырылды, сондай-ақ тоқсан сайын «Қазпочта» АҚ-ның инвестициялық жобаларын іске асыру бойынша есептеме қарастырылады

- пошталық қызметтер бойынша кірістер жоспарын орындау туралы ақпарат қарастырылды;

- «Қазпочта» АҚ Инкассалау» қызметі мәселелері қарастырылды;

- Казпост ГМБХ қызмет істеу және оның дамуының мәселелері қарастырылды.

«Қазпочта» АҚ Трансформациясы мәселесі бойынша:

Комитет әр бетпе-бет отырысында «Қазпочта» АҚ Трансформациясы бойынша Жол картасының іске асыру туралы ақпаратын қарап шығады.

Сонымен қатар, келесі мәселелер Директорлар кеңесімен қарастырылды және бекітуге ұсынылды:

1) Трансформация бойынша Жол картасының жаңа редакциясы;

2) «Қазпочта» АҚ Трансформация Бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері;

3) Жалғыз акционерінің 2016 жылға деген үміттері және олардың жүзеге асырылуы туралы ақпарат;

4) «Қазпочта» АҚ Трансформация Бағдарламасы аясында «Қазпочта» АҚ жобалар портфелі;

5) «Қазпочта» АҚ Трансформация Бағдарламасы аясында ұйымдастырушылық құрылымы туралы кейбір мәселелер.

Сонымен қатар:

- мүдделілігі бар, сондай-ақ байланысты тараптармен операцияларды жүзеге асыру туралы мәселелері;

- еншілес және аффилиирленген ұйымдарды басқару, сондай-ақ Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне әсер ететін еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржы-шаруашылық мәселелері;

- болжамды жалға және/немесе сатуға арналған «Қазпочта» АҚ жылжымайтын мүліктері бойынша мәселелері;

- маркетинг және сату және бизнесті дамыту туралы есептемелері;

- 2016 – 2020 жылдарға арналған «Қазпочта» АҚ Даму жоспарын орындау жөніндегі есептемелер.

Стратегия және Даму Комитеті 2016 жылда:

Стратегия және Даму Комитеті мүшелерінің 2016 жылғы отырыстарында қатысуы:				
№	Аты-жөні	Барлық отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Жандосов Ораз Алиевич	7	7	100
2	Илькявичюс Адамас Олегас	7	7	100
3	Эдриан Хоуинк	6	6	100
4	Бердалина Жанат Колановна	3	2	67
5	Марк Хьюз	1	1	100
6	Дагарова Алия Мейрамовна	7	7	100

Трансформация бағдарламасы шеңберінде Комитет мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің және Қоғамның негізгі қызметкерлерінің қатысуымен келесі іс-шаралар өткізілді:

- 1) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday - 16 наурыз, Астана қаласы
- 2) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday – 2016 жылдың 15 сәуірі, Алматы қаласы.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі мүшелері келесі іс-шараларға қатынасты:

- 1) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесі мүшелерімен отырысы;
- 2) IX Астана экономикалық форумы;
- 3) «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелерімен коллегиялық интервью.

2. Стратегиялық жоспарлау комитетінің қызметін бағалау

Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, төрағасы мен Директорлар кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес компаниялары Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау әдістемесін пайдалана отырып, 2015 жылдың 1 сәуір және 2016 жылдың 1 шілде кезең аралығындағы Директорлар кеңесі мүшелерінің өзіндік қызметін бағалауды жүзеге асыруға шешім қабылдады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері өзіндік қызметін бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі қызметінің, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және «Қазпочта» АҚ-ның Корпоративтік хатшысының жеке кәсіби дамуын жетілдіру бойынша 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

3. Қорытынды

2016 ж.ішінде Комитет туралы ережеге сай міндеттерін және функционалдық міндеттерін, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға жоспарлы жұмысын толықтай жүзеге асырды.

Комитет барлық мәселелер бойынша Комитеттің күн тәртібіндегі мәселелерді толық талқылады, әрі Қоғамның Директорлар кеңесіне теңдестірілген және егжей-тегжейлі ұсыныстар ұсынылған болатын.

Айтуынша, Комитеттің қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның корпоративтік басқару жөніндегі жұмысының тиімділігін көтермелеу жөнінде Жалғыз акционердің үміттеріне сәкес келеді.